

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары
білім министрлігіҚазақстан Республикасы Ғылым
және жоғары білім министрінің
2023 жылғы 7 маусымдағы № 261
бұйрығыМинистерство науки и высшего образования
Республики Казахстан

**«Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым
және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті туралы
ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім
министрінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 43 бұйрығына өзгерістер мен
толықтыру енгізу туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының
3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің
Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті туралы
ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім
министрінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 43 бұйрығына мынадай өзгерістер
мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ғылым және
жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны
қамтамасыз ету комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, «Есіл»
ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, «Министрліктер Үйі» әкімшілік ғимараты, 11-
кіреберіс.»;

15-тармақ:

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

«12-1) білім алушылардың білімін тексеруді жүргізу үшін қағидалар мен талаптарды әзірлеу»;

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«21) мемлекет атынан доцент, қауымдастырылған профессор (доцент), профессор аттестаттарын беру;».

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті белгіленген мерзімдерде осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі С. Нұрбек